**Дүниетану**

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Құндылықтар |
| Педагогтің аты-жөні: | Лесхан Айжан |
| Күні: | 15.10.21 |
| Сыныбы: 4 «З» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақ тақырыбы | Көшбасшы қандай болуы керек? |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Біледі,түсінеді, қолданады<br>Көшбасшы болуға дайындалады, білімін қолдана алады. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** Оқушылар мектептің маңыздылығын дәлелдеуге, оқушылардың функционалдық рөлін талдауға үйренеді.<br>**Көптеген оқушылар:** Көшбасшыға тән қасиеттермен танысады.<br>**Кейбір оқушылар**: Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесін түсінеді, белсене қатысуға әрекеттенеді |
| Бағалау критерийлері | Мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын ұсынады.<br>Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтауды үйренеді. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/<br>Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдасты | **Психологиялық ахуал қалыптастыру:** | Бір-біріне тілек айтып,сабақ барысында қандай көңіл- | Мадақтау<br>Сұраққа жауап берген | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ру кезеңі | «Өзіңе тілегенді басқаларға тілеңіз!» ойсергегі арқылы бастауға болады.<br>Сабақ тақырыбы мен күтілетін нәтижені оқушылар болжайды. | күйде болғысы келетінін айтады | оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. | Суреттер |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу<br><br>Түсіну | Жаңа сабақ.<br>**КӨШБАСШЫ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?**<br><br>Топтың,кеңестің жұмысына қатысу арқылы оқушы белгілі бір дәрежеге ие болады. Әр топтағы адамдардың дәрежесі де әртүрлі болуы мүмкін. Біреулердің дәрежесі жоғары, біреулердікі төмен. Біреулердің тілін алып, тапсырмаларын орындаса, біреулердікін орындамайды. Олай болатын себебі, топтардың белгілі бір көшбасшысы болуы керек.<br><br>1-тапсырма<br><br>Көшбасшы болу үшін өзіңді қай жағынан көрсете білуің керек деп ойлайсың?<br>Ж: Көшбасшы жан-жақты дамыған,білімді, тәрбиелі, өзін қоғамдық ортада еркін сезінетін жан болуы тиіс<br><br>2-тапсырма<br>Жұптық жұмыс жасайық.<br>Парталасыңмен «Көшбасшылық қасиеттері» топтастыруын жасаңдар. Көшбасшының бес қасиетін атаңдар. | Жаңа сабақты игереді<br><br>Сұраққа жауап дайындайды.<br>Өз ойын еркін жеткізуге | Мадақтаулар<br><br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. | Көшбасшы адамдар туралы бейнебаян<br><br>Интерактивті тақта<br><br>Тақтаға ілінген суреттер<br><br>Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану<br><br>Талдау<br><br>Жинақтау<br><br>Бағалау | <br><br>Ж: Белсенді,білімді, шешен, ұйымдастырғыш,еркін<br><br>Бейнежазбаны талдау<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Ақмарал ауладағы достарының арасында көшбасшыға лайық түрлі ойындар ұйымдастырады. Ақмаралға ілескен балалар ата-аналарға арнап,аулада ертегілерді сахналап көрсетеді.Ал сыныпқа келгенде ондай іс-шараға белсене араласпайды. Бұл жағдайға не әсер етуі мүмкін?<br><br>Сенің ойыңша Ақмарал көшбасшы болуға лайық па? Себебін түсіндір.<br><br>Қазіргі заман көшбасшы болуды талап ете ме? | тырысады<br><br>**Жұптық жұмыс**<br><br>**Топтық жұмыс**<br><br>**Өз ойын еркін жеткізе алады.**<br><br>**«Балық қаңқасы» әдісі бойынша жүргізіледі.**<br><br>Өз ойын еркін жеткізуге тырысады<br><br>Сұрақ-жауап | <br><br><br><br> | Интерактивті тақта<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы | 4-тапсырма үйге:<br>Көшбасшылық туралы шағын эссе жазып келейік.<br>Тақырыбы: «Мен көшбасы боламын!» | Шығармашылық жұмыс жасайды | Мадақтау, мақтау | Оқулық,<br>Суреттер |
| Кері байланыс | | Мұғаліммен кері байланыс жасайды | «Жетістік баспалдағы» кері байланыс парағы | Парақшалар |